

Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебі

Бекітемін:  
Мектеп директоры:  Б.Т. Калмурзина



Келісемін:  
Оқу ісінің орынбасары:  М.Б. Махамбетова

Перспективалық жоспар  
Қаңтар

Сынып: Мектепалды сынып

Тәрбиеші: Ж.Н. Асауғалиева  
Ә/Б отырысында қаралды:   
Ә/Б жетекшісі: А.С. Төлеуова  
№ 1 хаттама уақыты «28» «08» 2024ж

2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы: Еңбекту ЖОББМ  
Топ/сынып: Мектепалды сынып  
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қаңтар айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айкастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айкастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екіқолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, алғақарай жүру; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу қарқынмен 1,5–2 минуттоқтамай жүгіру; бірнеше заттардан еңбектеп өту; бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру; әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; орнында айналу</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шенбер бойымен жүруді үйрету.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.</p> <p><b>Спорттық ойын элементтері:</b> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып Лақтыруды үйрету.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық</p>

	<p>қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шамамен сырғанауға жағдай жасау.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуін пысықтау.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b> Таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды (басы, ортасы,

	<p>соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауды дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсінуді, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білуді, етістіктерді жалғаулармен қолдануды, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануды қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруды үйрету</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету.</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын.</b> Жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды пысықтау.</p> <p><b>Сан, санау.</b> Көрнекілік негізінде 10 санының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p><b>Шама.</b> Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыруды үйрету.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды дамыту.</p> <p><b>Кеністікті бағдарлау.</b> Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>

Сурет салу	<p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдауды жетілдіру.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («сүйетабан», «құсқанаты» туралы түсінігін кеңейту өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту</p>
Мүсіндеу	<p>Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді меңгерту</p> <p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), қалауы бойынша мүсіндеуіне мүмкіндік беру</p>
Жапсыру	<p>Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеуді, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді, композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды пысықтау.</p>
Құрастыру	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіруді үйрету.</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b></p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеді, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуды дамыту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту.</p> <p><b>Билер.</b></p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ертезаманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің</p>

	<p>эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Музыкалық сазсырнай және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді үйрету</p> <p><b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</b> Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауды дамыту.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуін жетілдіру</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну дағдысын жетілдіру.</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері.</b> «Балалар», «Трамвай аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүнгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр);</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыруды меңгерту.</p>

**Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін дамыту.

**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы;** үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.

**Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға** баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.

**Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу;** өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).